

БӨЛІМ: ЭССЕ

Мен - педагогпын!ЖАРИЯЛАНДЫ
02.07.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/77861/>

Армысың қазақ елі! Мен-педогогпін! Ұстаз есімі әрбір жанның жан дүниесін баурап алатын - Ұлы есім. Ұстаз алдында барша адамзат, бүкіл әлем бас иеді. Өйткені, дана да, дара да, ана да ұстаздан ілім-білім, тәлім-тәрбие алады. Сол ілім-білімнің, сапалы тәрбиенің түбінде ұлғатты ұстазымыздың өшпес еңбегі жатыр. «Ұстазы жақсының, ұстанымы жақсы» деген сөз осыдан қалған болар. Ұстаз туралы ой бөлісуде ұлы ұстаздарымыз, тәлім-тәрбие, ілім-білімнің қайнар көзі, ғұламаларымыз Әл-Фараби мен А.Құнанбайұлының еңбектерін ерекше тілге тиек еткім келеді. «Абайды оқы, таңырқа», «Абай дана, дара қазақта» сөздерін текті халқымыз текке айтпаған болар.

Ұлы Абайдың өмір жолындағы бүкіл еңбегі, қара сөздері, өлеңдері шәкірт санасына рухани азық. Рухани жаңғырудың ең бірінші баспалдағы дер едім. Міне сондақтанда әрбір педогог-жаны таза, рухани бай, көзі ашық, көкірегі ояу шәкіртінің бойына рухани азық бола алады. Педогог-сөзінің астарында үлкен қазына жатыр деп айтар едім. Себебі, әрбір бүгінгі педогог жан дүниесінің тазалығы еңбекқорлығы арқылы шәкіртінің жүрегіне жол таба алатын-ұлы тұлға. Осы жерде БАМ-нің ұстаз туралы айтқан сөзі есіме түсіп отыр. Ол кісінің ең бірінші ұстанымы-сенім деп ойлаймын. «Мен ұстаздарға сенемін, әрбір ұстаз мына қашықтықтан оқу кезіндегі қашықтықты

жеңе алады, қиыннан жол таба алады, өйткені – ол ұстаз» деген болатын. Сондықтан «сенім» деген сөзді ұстанамым етіп алсақ кез-келген уақытта қиындықты жеңе алатынымызға нық сенемін.

«Педагог мәртебесі» атты керемет ой пікірлер айтылып, ел арасындағы барша педагогтар жүрегіне сенім ұялата отыр. Міне, осындай керемет сезім, сенім, мәртебені негізге ала отырып, әрбір ұстаз қауымын бірлік пен ынтымаққа, қолдау мен қуаттауға, үлкен жауапкершілікке шақырамын. Бүгінгі шәкірт жан жақты заманауи техника негізінде өте білімді, дарынды, дара. Өйткені ол Тәуелсіз, дамыған елдің ұрпақтары. Сондықтан әрбір ұстаз әрқашан заманауи техниканы, жаңа тәсілдерді меңгерген, жаңаша білім бере алатын, тіпті Назарбаев зияткерлік мектептері сынды шәкірттерді тәрбиелей алатын ұлы тұлға дәрежесіне көтерілу керек.

Бүгінгі күнде, әрбір жас маманнан, зейнет жастағы ұстазға дейін біліктілігін арттырып, оқу, іздену, зерттеу үстінде болу керектігін талап етіп отыр. «Өмір бойы оқу» ұстанымын ұстайық!

Қорыта келе, Шәкәртiнiң алдында өз баласын ұмытыпта кететiн, педагог құрметке лайық! Өзiм бал кезiмнен ұстаз болуды армандағанмын. Арман, мақсат-сияқты сезiмдер ерiнбесе еңбек етудi, аянбай тер төгудi талап етедi. Шәкiртiнiң еңбегiмен қуана бiлген ұстаз-отбасыныңда ұйытқысы. Шәкiртiнiң бесiгiн тербете алған ұстаз-ана сияқты әлемдi тербете алады.

Мәртебелерiңiз биiк, абыройыңыз арта берсiн ұлы ұстаздар!

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.